

**ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ
ОРЫНДАРЫНА СИПАТТАМА.
ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ
ТҮРЛЕРІ.**

Мақсаты

- Қоғамдық тамақтану орындары және оның экономикалық маңыздылығы.
- Қоғамдық тамақтану түрлері

Міндеттер

- Қоғамдық тамақтану орындарына сипаттама беру және оның маңыздылығын анықтау.
- Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына сипаттама беру.

ЖОСПАР

- Кіріспе
- Қоғамдық тамақтану орындарының маңыздылығы
- Қоғамдық тамақтану орындарына сипаттама
- Мейрамхана
- Кафе
- Асхана
- Дәмхана
- Бар
- Қорытынды



КІРІСПЕ

Қоғамдық тамақтану кәсіпорындары деп кулинарлы және аспаздық өнімдер, сонымен қатар әртүрлі ұннан жасалған кондитерлі, тоқашты өнімдерді шығаратын кәсіпорындарды айтады.

Қоғамдық тамақтанудың басты мақсаты халықты рационалды тамақтандыру, тағамдардың биологиялық құндылығын сақтай отырып, оның дәмдік және сапалық көрсеткіштерінің жоғары болуы.

Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының негізгі қызметі – тамақтандыру қызметін көрсету.

- 1 кезең Ерте тарихы – 1820 ж.

Қоғамдық

- 2 кезең Бастапқы фаза – 1850-1900 ж.

Тамалдану

- 3 кезең Пайда болу фазасы – 1900-1946 ж

Даму

- 4 кезең Даму фазасы – 1947 ж.

кезеңдері



Мемлекетті зор
экономикалық рөл атқарады

Қоғамдық
тамақтану
орындарының
маңыздылығы

Жұмыс орының
қамтамасыз
етеді


Халықтың өмір
сүру сапасын
жақсартады

КӘСПОРЫН ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІ

ФАКТОРЛАР ЕСКЕРІЛЕДІ:



ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНУ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ КЛАСЫ-ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІ, ШЫҒАРАТЫН ӨНІМ АССОРТИМЕНТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ



МЕЙРАМХАНА

Мейрамхана – күрделі дайындалатын көп ассортиментті, арнайы тапсырыс пен фирмалық тағамдар, арақ – шарап, темекі және кондитер өнімдері мен демалу, қызмет көрсету деңгейі өзара үйлескен қоғамдық тамақтану кәсіпорыны.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МЕЙРАМХАНАЛАР
КЕЛЕСІДЕЙ КЛАССИФИКАЦИЯҒА ЖІКТЕЛЕДІ:

Люкс

1 дәрежелі

Жоғары дәрежелі



Люкс

- Люкс – қоғамдық тамақтандыру кәсіпорнындағы сауда залдарының архитекторлық ансамбілі мен интерьері аналогсыз көркем әшекейленген және комфорттылық ең жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылған. Мейрамханаларда фирмалық және тапсырыстық тағамдардың, тәтті және ұнды-кондитерлі өнімдердің, барларда фирмалық және тапсырыстық сусындар мен басытқылардың түрлері көп болу керек.





ЖОҒАРҒЫ

- Жоғары дәрежелі - интерьері жақсы талғаммен орындалған, тағамдар мен сусындардың түрлі ассортименттілігі, залдардың комфорттылығы ескерілген болу керек. Мейрамханалардағы сауда және банкет залдарының дастархан сервировка деңгейі жоғары болу керек. Орналасуына, қызмет көрсетуіне байланысты мейрамханадағы тағамдарға үстеме баға 200 – 300% көтеріледі. Ыдыс – аяқ, құрал – аспаптар кәсіпорынның қызмет көрсету дәрежесіне сай болу керек





БІРІНШІ ДЕНГЕЙЛІ

- Интерьері үйлесімділікпен орындалған, күрделі және жай дайындалған тағамдар мен сусындар ұсынылады.



КАФЕ



Кафе – мейрамханаға қарағанда тағам ассортименті шектеулі, тұтынушылардың демалатын орны. Кафеде фирмалық, арнайы тапсырыс бойынша дайындалуы қиын емес тағам ассортименті, біраз шектеулі, сонымен қатар ыстық (кофе, шай, какао) және суық (шырын, сусын), сүтті, ұнды, тәтті өнімдер болады. Екінші тағам ретінде жұмыртқа, сосискалар, сарделька, блины ұсынылады. Бірінші тағам ретінде тек сорпа беріледі.

АСХАНА

Асхана — қоғамдық тамақтанудың ең жақсы тараған түрі. Негізгі мақсаты — халыққа өз тағамдарын дайындау, тұтынушы өтініші бойынша толық рацион: таңғы ас, түскі ас, кешкі ас немесе жартысы ұсынылады. Асханаларда түстіктер үйге босатылады, тапсырыс қабылдайды, жартылай фабрикаттар мен кулинарлы өнімдер сатылады.



ДӘМХАНА

Дәмхана – белгілі бір шикізат түрінен дайындалатын, келушілерге жылдам қызмет көрсететін, тағам ассортиментінің шектеулі болуымен сипатталатын қоғамдық тамақтанудың кәсіпорны.

Дәмхана ассортименті – суық және ыстық тағамдар, дайындалуы оңай закускалар (сосискалар, түшпара, жұмыртқа, сарделька), сонымен қатар сусындар (шай, кофе). Сатылымда сүтті және кондитерлі өнімдер, кәмпиттер, шоколад болу керек. Алкогольді сусындарды сатуға тиым салынады.



БАР

Бар – сусын өнімдерін сататын шағын қоғамдық тамақтану орны. Барда тез және бар тартпасында қызмет көрсетіледі, алкогольді және алкогольсіз сусындар мен жеңіл тағамдар беріледі.



ҚОРЫТЫНДЫ



Қоғамдық тамақтану – халық шаруашылығы экономикасының айрықша кіші саласы. Кез-келген ел үшін қоғамдық тамақтану орындары зор экономикалық рөл атқарады.

